

Қарабалық селолық округі әкімінің 2009 жылғы 20 ақпандағы № 1 "Қарабалық селолық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қарабалық ауылдық округінің әкімінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 3 шешімі. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 шілдеде № 9-12-116 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қарабалық селолық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қарабалық селолық округі әкімінің 2009 жылғы 20 ақпандағы № 1 "Қарабалық селолық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне келесі өзгеріс және толықтыру (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде нөмірі 9-12-104, 2009 жылғы 11 маусымдағы "Айна" аудандық газетінде жарияланды) :

көрсетілген шешімінің қосымшасында мемлекеттік тілде барлық мәтін бойынша "кошесі" деген сөзін "көшесі" сөзіне өзгертілсін;

көрсетілген шешімінің қосымшасында 1 тармағы 11) тармақшамен келесі мағынасында толықтырылсын:
" 1 1) О з е р н а я к ө ш е с і "

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін оң күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а б а л ы қ с е л о л ы қ
округінің әкімі Қ. Бердығұлова